



Мұнайлы ауданы  
«Ай-Шах» жекеменшік балабақшасы

Бекітемін  
«Ай-Шах» жекеменшік балабақшасы  
директоры  Есжанова А.Б.  
«21»  2023 ж.



Ұйымдастырылған  
іс-әрекеттің конспектісі  
Тақырыбы: «Жас құтқарушылар»

Дайындаған: тәрбиеші  
Ешимуратова В.Т.

2023 жыл



*Ешимуратова Венера Толыбаевна*

*«Ай- Шах» жекеменшік*

*балабақшасының*

*тәрбиешісі*

### **Тақырыбы: «Жас құтқарушылар»**

**Мақсаты:** Сюжеттік-рөлдік ойындар арқылы балалардың қиялын ояту, шығармашылығын, сөздік қорын дамыту. Балалар арасында үлкендердің еңбегін бағалауға, өзара жағымды қарым-қатынас орнатуға, рөлдерде ойнай білуге үйрету. Балалардың төтенше жағдайлар кезінде тез, дұрыс шешім қабылдауға, батылдыққа, жауапкершілікке, адамдарға көмек беруге, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыруға тәрбиелеу.

**Қажетті құрал-жабдықтар:** Өрт қауіпсіздігіне арналған жабдықтар, дәрілік медициналық қобдишалар, құтқарушылар, дәрігерлер, өрт сөндірушілер киімі, жануарлар жұмсақ ойыншықтары.

### **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің жүрісі**

**Тәрбиеші:**

- Сәлеметсіздер ме, балалар! Бүгін ауа-райы тамаша болып тұр. Ал сіздердің көңіл – күйлеріңіз қалай?

**Балалар:**

-Тамаша! Көңіліміз де көтеріңкі.

**Шаттық шеңбері:**

Қол ұстасып қәне біз

Жылулықты алайық.

Күлімдейік біз бірге

Достасайық бәріміз.

**Тәрбиеші:**

-Балалар, сіздермен мамандықтар жайлы әңгімелескім келіп тұр.

Сіздер қандай мамандықтарды білесіздер?

**Жанерке:** Мұғалім.

**Айару:** Дәрігер.

**Дінмухаммед:** Полиция.

**Тәрбиеші:**

-Балалар, сіздер болашақта кім болып қызмет атқарғыңыз келеді?

**Сабина:** Менің дәрігер болғым келеді, себебі дәрігер адам өмірін құтқарады.

**Жансая:** Мен мал дәрігері болып, жануарларды емдеп көмектескім келеді.

**Али:** Мен полиция болып, елімнің тыныштығын сақтағым келеді.

**Мейірбек:** Менің өрт сөндіруші болғым келеді. Апаттан адамдарды құтқарғым келеді.

**Тәрбиеші:**

-Балалар, адамдар өмірде қиын жағдайға түсіп қалуы мүмкін. Сіздер төтенше жағдай телефон номерін білесіздер ме ?

-Иә.

*( балалар картотекаға қарап жауап береді)*

Өрт болған кезде кімге қоңырау шаламыз?

-01 өрт сөндіру бөліміне қоңырау шаламыз .

Егер, біреу бұзықтық жасаса кімге хабарласамыз?

-02 полицияға хабарласамыз.

Көрші әжеміз немесе өзіміз ауырып қалсақ кімге хабарласамыз?

-03 жедел жәрдемге қоңырау шаламыз.

Егер ауа -райы қарлы- боран болса немесе басқа да төтенше жағдай кезінде кімге хабарласамыз?

-112 құтқарушылар нөмеріне хабарласамыз.

-Балалар, құтқарушылар қызметінде жасау үшін қандай болуымыз керек?

-Денсаулығымыз мықты, шымыр, ақылды, батыл, өз ісіне жауапты болу керек.

Дұрыс, олай болса бәріміз бірге жаттығу жасайық.

*( Музыкамен жаттығу -жасалады)*

Жарайсыздар, сіздер бір-біріңе кедергі жасамай жаттықтыңдар.

-Ал, мынау не, балалар?

-Өрт қауіпсіздік құралдары.

-Иә, дұрыс айтасыңдар бізге өрт кезінде ең керекті құралдар. Балта, күрек, шелек, өрт сөндіргіш, құм, су бәрі бізге өте қажет.

-Балалар, мына біздің өрт сөндіру құралдарымыздың жазылған атауы түсіп қалыпты, бірге іздеп, тауып орнына қояйық.*(«Жартысын тап» ойыны )*

Балалар сөздерді табады, орындарына қояды

*(Телефоннан қоңырау келеді)*

-Алло, алло!

-Сәлеметсіз бе, Венера Толыбайқызы, мен Айбекпін. Омар екеуміз ауылдың сыртындағы орманда сіріңке жағып ағаштарды өртеп алдық. Бізге көмектесіңізші.

**Тәрбиеші:**

-Балалар, көмектесеміз бе?

-Иә, көмектесеміз!

Айбек, біз барғанша өрт болып жатқан жерден алыс тұрыңдар.

Балалар, дайындаламыз!

*(Балалар киініп, құрал - саймандарын ұстап саппен тұрады.)*

Команда басшысы, қандай қызмет көрсетесіңдер?

Өрт сөндірушілер өртті сөндіреді, құтқарушылар жануарлар мен адамдарды құтқарады.

-Дәрігерлер не үшін бара жатыр ?

-Жарақат алған адамдар мен жануарларды емдеп көмектеседі.

Жарайды, ендеше орманға кеттік.

*(Музыка сүйемелдеуімен орманға барады)*

**Команда басшысы:** Балалар, жәймен көпірден өтеміз, әйтпесе, сынып кетуі мүмкін. Енді мына ағаштардың арасымен жүреміз. Байқандар! Жыландардан сақ болыңдар!

*(Орманға келіп өрт сөндірушілер өртті сөндіреді, құтқарушылар жануарларды дәрігерлерге жеткізеді. Дәрігерлер жануарларды қарап, емдеп, күйген жерлерін таңғышпен байлайды).*

**Тәрбиеші:**

-Балалар, өрт толығымен сөндіріліп болса, жиналамыз!

Командир, құтқарушылар толық па?

-Иә.

-Ендеше, балабақшамызға қайтайық.

**Айбек:** Венера Толыбайқызы, бізді кешіріңізші, келесіде сіріңке жағып ойнамаймыз, балабақшадан қалмайтын боламыз.

**Омар:** Достарым, кешіріңіздер! Құтқаруға келгендеріңіз үшін, сіздерге рақмет! Бізде балабақшамызға барғымыз келіп тұр.

**Тәрбиеші:**

Олай болса, бәріміз балабақшаға қайтайық.

*(Балалар саппен жүреді)*

**Хормен:**

Сын сағатта табылатын қасыңнан,  
Құтқарушы бар ақылы тасыған.  
Қандай қиын кез келседе жасымай,  
Қиындықтан жол табатын тосыннан.

Өз міндетін атқаратын толықтай,  
Өртпен судан құтқаратын қорықпай.  
Құтқарушы мамандығы ең күшті  
Тек батырлар қызмет етер қорықпай.

*(Балабақшаға келеді)*

**Тәрбиеші:**

-Ал балалар, сонымен, өрт сөндірушілер өрт кезінде қандай әрекет жасадық?

-Өрт сөндірушілер – ормандағы өртті өшірдік.

-Құтқарушылар, қандай әрекет жасадық?

-Құтқарушылар – жануарларды құтқардық.

-Дәрігерлер, не істеді?

-Дәрігерлер – жануарларға көмектестік.

*(Төтенше жағдай қызметкері кіріп келеді)*

-Сәлеметсіздер ме, балалар!

**ТЖ қызметкері:** Мен, Төтенше жағдай қызметі бөлімінен келіп тұрмын. АЙ-ШАХ балабақшасының Жас құтқарушылары орман өртін сөндіргені туралы ақпарат түсті. Сіздерді марапаттау үшін келдім.

-Сіздер шынымен де орман өртін сөндірдіндер ме?

-Иә.

-Сіздер орманда өрт болғанын қалай жеткіздіңіздер?

**Айбек:** Мен Венера Толыбайқызына телефон арқылы хабар жеткіздім.

**ТЖ қызметкері:** Қауіпсіздік ережелерінен бұрын-соңды білесіздер ме?  
**Айару:** Иә, бізге тәрбиешіміз үйреткен еді.

**ТЖ қызметкері:** Құтқарушылар деп кімді айтамыз?

**Сабина:** Өрт сөндірушілер, полиция, дәрігерлерді құтқарушылар дейміз.

**ТЖ қызметкері:** Осындай келеңсіз жағдайға тап болмас үшін не істеуіміз керек?

**Қанат:** Ата-анамыздың рұқсатынсыз ешқайда бармауымыз керек.  
Сіріңкемен ойнамау керек.

**ТЖ қызметкері:** Олай болса, команда басшысын алғыс хатпен және де сіздерді «Жас құтқарушылар» наградасымен марапаттаймын.  
(Медальдарын тағады).

**Ән:** «Тәуелсіздік ұраны»

### **Қорытынды**

#### **Тәрбиеші:**

-Балалар, бүгінгі ойынымыз сіздерге ұнады ма?

-Әрине, ұнады.

-Сіздерге несімен ұнады?

Маған өрт сөндіруші болып ойнағаным ұнады.

Маған құтқарушы болып ойнағаным ұнады.

Маған дәрігер болғаным ұнады.

Жарайсыздар, балалар! Бүгінгі рөлдерге бөлініп ойнағандарың мағанда ұнады. Болашақта өздерің қалаған маман иесі болуларыңа мен тілектеспін.  
Рақмет! Сау болыңыздар!

Мұнайлы ауданы  
«Ай-Шах» жекеменшік балабақшасы

Бекітемін  
«Ай-Шах» жекеменшік балабақшасы  
директоры  Есжанова А.Б.  
« 20 »  2023 ж.



Ұйымдастырылған  
іс-әрекеттің конспектісі  
Тақырыбы: «Қонақ кәдесі»

Дайындаған: тәрбиеші  
Сайтова С.М.

2023 жыл



*Сайтова Светланат Махсетбаевна*  
*«Ай- Шах» жекеменшік балабақшасының*  
*тәрбиешісі*

### **«Қонақ кәдесі» ұйымдастырылған кіріктірілген іс- әрекет**

**Мақсаты:** Сюжеттік-рөлдік ойындар арқылы қазақтың ұлттық құндылықтарын балалардың бойына сіңіре отырып, тілін және рөлге ену арқылы сөйлеу мәдениетін дамыту. Балалардың туған жеріне және тіліне деген құрметін арттыру, өлкеміздің тарихын ұғындыру. Досттықа, шығармашылыққа баулу.

#### **Тәрбиеші:**

Сәлеметсіздер ме балалар, бүгін біздерге көптеген қонақтар келіпті, ендеше қонақтарымызбен амандасып алайық.

Біздер жақсы баламыз  
Өсті ақыл санамыз,  
Қонақтармен ең алғаш  
Амандасып аламыз.

#### **Балалар:**

Сәлеметсіздерме!

*(Есіктің қағылған дыбысы естіледі)*

**Фотограф:** Сәлеметсіздер ме, балалар! Мен балабақшаларды суретке түсіріп жүр едім, осында мереке болып жатыр деп естіп, сіздерді де түсіріп кетейін деп келдім. Мен фотограф болған соң көп адамдарды суретке түсірдім, кімді түсіргенімді білгілерің келе ме?

**Балалар:** Ия.

**Фотограф:** Ол үшін мен сіздерге жұмбақ жасырамын, жұмбақтың жауабын тапсаңыздар кімнің суреті екенін білесіздер.

1.Кітапты көп оқитын,  
Жырларды жақсы білетін  
Немересін еркелетіп,  
Жанында әрқашан жүретін **(ата)**

2.Мейірімді жан кім екен,  
Ертегі оқып беретін  
Еркелетіп қыз-ұлды  
Бетінен шөп-шөп сүйетін **(әже)**

3.Өзі салмақты,батыл,  
Отбасын қорғаушы  
Асыраушы кім? **(әке)**

4.Біз үшін ең қымбатты  
Ақ сүтімен өсірген  
Мәпелеп жеткізген  
Ең ардақты адам кім? **(ана)**

5.Сүп-сүйкімді өзі,  
Балдай тәтті сөзі  
Әкесі мен анасының  
еркесі өзі **(немересі)**

### **Тәрбиеші:**

Жарайсыздар балалар!

*(жұмбақтың жауабын тапқан балалар, сол рөлде ойнайды)*

Ата-Б.Ағзам

Әже-Нұрғаным

Әке- Муслим

Ана - Асылым

Немересі-А.Азғам

*(Балалар рөлдерге бөлініп, үстел басына отырады)*

**Фотограф:** Қандай әдемі көрініс болды, нағыз ата- әжеден айнымай қалдыңыздар ,осы бір әдемі сәтті суретке түсіріп алайыншы. Мені күтіңіздер. Балалар, мен сурет дайын болғанда келемін.

**Ата:** Әжесі, сен тағамдарыңды дайындай бер, мен Ақтау қаламыздың 60 жылдығына шет елдерден қонақтарды үйге шақырып қойдым, қазір келіп қалуы керек.

*(Қонақтар кіріп келеді)*

**Орыс:** Привет!

**Грузин:** Габаржоба!

**Өзбек:** Salom!

**Үндіс:** Ні!

**Атасы:** Қош келдіңіздер, төрлетіңіздер. *(қол берісіп амандасады ұлдар)*

**Әке:** Саламатсыздар ма, сіздер қазақ тілін білесіздер ме?

**Грузин Дархан:** Ия білеміз.

**Әке:** Олай болса қазақ тілінде сөйлесейік.

**Үндіс Арай:** Жарайды.

**Әжесі:** Балаларым, біздің елге келіп дұрыс қылған екенсіздер.

*(Қонақтар жайғасқаннан кейін, қобыздың дыбысы шығады)*

**Грузин Дархан:** Бұл ненің дыбысы?

**Ата:**

Бұл кобыздың дыбысы, кобыз қазақ халқының ұлттық аспабы.

Жорғалатқан жетіген

Сыбызғы үні лекіген

Сызылтады қылқобыз

Шалып ойнар шаңқобыз

*(домбарының дыбысы шығады)*

**Үндіс Арай:** Бұл қай аспаптың дыбысы?

**Әже:**

Бұл домбыраның дыбысы, домбыра киелі аспап, үні құлаққа жағымды.

Бұл біздің ұлттық аспапымыз.

Домбырадай мұраны

Қастерлеуге тұрады,

Сонда жатыр даланың

Үні менен ұраны.

*(сыбызғының дыбысы)*

**Өзбек Жібек:** Бұл қандай аспаптың дыбысы?

**Әке:**

Бұл сыбызғының дыбысы, сыбызғы үріп ойнайтын аспап.

Қамыс құрай ағаштан

Үтікше боп ысылған

Үрмелі ойықтың

Дыбысы нәзік сызылған

**Әже:** Келін қонақтарға асыңды әкел. *(тағамдарды әкеліп болған соң)*

**Қонақ Арай:** Ұлттық тағамдарыңызбен таныстыра отырыңыз.

**Әже:** Мынау біздің ұлттық тағам бауырсақ, құрт, шұбат дәм татыңыз.

**Грузин Дархан:** Ооо, керемет екен!

**Ана:** Ас болсын!

**Қонақ Арай:** Тағамдарыңыз дәмді екен, рахмет!

**Әже:** Ал, атасы ас қайыр!

**Ата:** Олай болса, балаларым, мен бата берейін.

Дастарханына береке берсін,

Бастарыңа мереке берсін,

Астарыңа адалдық берсін,

Бастарыңа амандық берсін,

Дендеріңе саулық берсін!

Әумин!

**Әке:** Бізде қонақ кәдесі деген бар, келген қонақтар өз өнерін көрсетуі керек, сіздердің қандай өнерлеріңіз бар?

**Қонақ Диас:** Біз билеп береміз.

**Ата:** Қане, барлығымыз орнымыздан тұрайық.

**Би:** «Достық биі» (барлық ұлттар бірігіп билейді)

**Ата:** Ал қонақтар, біздің дәстүрімізді көрдіңіздер, Ақтауымыздың 60 жылдығы барлық жерде тойланып жатыр, мен сендерді саяхаттауға қаламыздағы Мұражайға алып барайын.

**Тәрбиеші:** Сәлеметсізбе, біз Ақтауымыздың 60 жылдығына саяхаттап келген қонақтарымызбен бірге, мұражаймен өлкеміздің көрікті жерлерімен танысуға келдік.

**Мұражай қызметкері:** Сәлеметсіздер ме, қала қонақтары! Маңғыстау облысының Әбіш Кекілбаев атындағы тарихи өлкетану мұражайына қош келдіңіздер! Мұражай көнеден қалған жәдігерлерімізді бүгінгі ұрпаққа өнеге етіп, тарихымызды танытатын мәдениет ошағы. Мұражай 1975 жылы ашылған. Біздің мұражайда 58 мыңға жуық экспонаттар бар, 58 мың экспонаттың барлығымен емес, сіздерді Ақтау қаласының ең көрікті жерлерімен таныстырайын.

**Ақтау қаласы:** Каспий теңізінің жағалауындағы ең әдемі Ақтау қаласы – Маңғыстау тұрғындарының мақтанышы. Каспий жағасында орналасқан әсем шаһардың басқа облыстардағы қалалардан бір ерекшелігі – нөмірленген шағынаудандарға бөлінуі. Қаланың құрылысы 3-шағынауданнан басталды. Осы жерде 1959 жылы бірнеше қазақ үйлер, шатырлар тігілді. Биыл біздің Ақтау қаласының 60 жылдығы тойланады. Осы бөлімде Маңғыстау облысының ең көрікті жерлері қойылған. Қаламыз жылдан-жылға үлкейіп, шағын аудандар бой көтеріп көркейіп келе жатыр. Қаламыздың көрікті жерлерін көруге басқа елден сіздер сияқты қонақтар көп келеді.

**Мәңгілік алау монументі:** 1985 жылы ҰОС жауынгерлеріне арналған «Мәңгілік алау» ескерткіші ашылды. Бұл монумент соғыста хабарсыз кеткен, қаза болған жауынгерлерді еске алу мақсатында ашылды.

**«Каспий» теңізі:** Ақтау қаласының басты символы деп «Каспий» теңізін атауымызға болады. Көрсең көз тоймастай қаланың көркін ашатын қарт Каспийдің жағалауында таза ауа мен тыныстау - адам жанын керемет рахатқа бөлейді. Әсемдігі жөнінен қала Кавказдың Қара теңіз жағалауындағы көптеген курортты орындардан кем түспейді. Көшелерде әсем бұталар көп, шағын скверлер, гүлзарлар жасалған. Шетелден көптеген адамдар осы Каспий теңізін көруге, демалуға келеді.

**Кеме тас мүсіні:** Ақтау қаласының 4-ші шағын ауданында орналасқан. 2003 жылы ашылды. Салмағы 150 тонна. Жанында су бұрқак орналасқан. Қала тұрғындарының сүйікті орны.

**Шерқала тауы:** Шерқала Маңғыстау облысының төсінде орналасқан тау түзілісі. Оңтүстік-Батыстан Солтүстік-Шығысқа қарай 100 шақырымға созылып жатыр. Ені-15-20 км. Биіктігі-332 м. Шерқаланы халық төңкерілген кесеге, киіз үйге ұқсатады. Кезінде тауда әскери қамал болған. Тауға байланысты наным бар, тауды толықтай айналып шыққан жанның тілегі орындалады екен. Бұл әлемнің түкпірінен келген қонақтарды таңқалдырады.

**Маңғыстау жер асты мешіті:** Маңғыстау Облысы Оғланды жерінде орналасқан. Мешіт 18 ғасырда салынған. Бекет Мырзағұлұлы 1750-1813 жылдары өмір сүрген. Бекет ата әулие әрі жаратылыстану ілімдерінен хабары бар оқымысты кісі болған. Бекет ата жер асты мешітінің бір бөлмесінде жерленген. Бұл күнде мешіт басына күні-түні зиярат етушілерден арылмайды. Бекет ата жерасты мешітіне әр келген жан, жанына жайлылық, көңіліне сая, жүрек дертіне дауа табады.

**Мұражай қызметкері:** Мұражайымыз ұнады ма қонақтар?

**Қонақ Дархан:** Әрине ұнады.

**Мұражай қызметкері:** Мен бүгін сіздерді келеді деп тілшіні шақырып қойып едім.

**Мұражай қызметкері:** Сәлеметсіз бе, тілші. Міне біздің қонақтар.

**Тілші:** Сәлеметсіздер ме қала қонақтары.

**Қонақтар:** Сәлеметсіз бе!

**Тілші:** Қаламызға қош келдіңдер!

Біз балапан арнасының тілшісіміз, сіздерден сұхбат алуға бола ма?

**Қонақ Жібек:** Әрине, болады.

**Тілші:** Сіздер қай елден келдіңіздер?

**Қонақ Арай:** Өзбекстаннан

**Қонақ Дархан:** Грузиядан

**Қонақ Санжар:** Ресейден

**Қонақ Жібек:** Үндістаннан

**Тілші:** Біздің қаламыз ұнады ма сіздерге?

**Қонақ Диас:** Ия ұнады

**Тілші:** Несімен ұнады?

**Қонақ Арай:** Қонақжайлылығымен ұнады, біздерді жақсы қарсы алды.

**Тілші:** Қандай тағамдарымыз ұнады?

**Қонақ Жібек:**

Томпайып ұртты,

Сорамыз құртты,

Жасайтын оны

Тек қазақ ұлты (маған қазақтың құртты ұнады)

**Қонақ Арай:**

Ішіп көрген шұбатты,

Дәмін бірден ұнаттым.

Денсаулыққа пайдалы

«Зәм-зәм» суы сияқты (маған қазақтың шұбатты ұнады)

**Тілші:** Қазақтың қандай аспаптарымен таныстыңыздар?

**Қонақ Санжар:** Домбыра, қобыз, сыбызғы.

**Тілші:** Каспий жағалауында қандай құстар бар?

**Немересі:** Аққу, қоқыйқаз.

**Тілші:** Сіздер қаламыздың көрікті жерлерін көрдіңіз бе?